

№35 «Балбұлақ» балабақшасы МКҚК
Қамқоршылық кеңес отырысының
№3 хаттамасы

Ақтөбе қаласы

28.08.2024 жыл

Қатысқаны:

Күн тәртібінде:

1. Білім беру мекемесінің жаңа оқу жылына дайындығы туралы.

Хабарламашы меңгеруші М.С.Ермаганбетова


Тыңдалды: Балабақша меңгерушісі М.С.Ермаганбетова №35 «Балбұлақ» балабақшасы Мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорын бұдан әрі балабақша атынан меңгеруші Ермаганбетова М.С. Қамқоршылық кеңес мүшелерінің ат салысуымен балабақша мен ата-ана арасындағы ынтымақтастық жақсы нәтиже беріп отырғанын атап өтті. Балабақшада берілетін тәрбие – бүлдіршіндерге берілетін тәрбиенің бастауы. Соның бірі көктемде ауланы көгалдандыру жұмысы жүргізілсе, жазда ойын алаңдары ойыншықтармен толықтырылды. Ал қыста қар тазалау қол көмегін тигізсе, күзде қураған жапырақтарды жинасуға сенбілікке көмектесуге қолғабыс етілді. Жоғарыда аталған жұмыстардың арқасында жаңа оқу жылына балабақша дайын.


Қамқоршылық кеңесінің төрайымы: Суликова Д.: Қамқоршылық кеңес жұмысының мақсаты – бірыңғай педагогикалық ұстаным негізінде оқыту мен тәрбие беруде педагогикалық ұжым мен қамқоршылық кеңесі қарым-қатынасын ұйымдастыру, кешенді оқыту – тәрбиелеу жұмысының материалдық – техникалық базасын нығайтуға көмектесу. Жыл бойына қарастырылатын мәселелер мемлекеттің тәрбие беру іс – шарасына бірлесіп атқаруға ата – аналар қауымын тарту, олардың педагогикалық мәдениетін, білімін көтеру, балабақша мен отбасына ынтымақтастығын ұйымдастыруға ықпал жасау, балаларға әлеуметтік жағынан қолдау көрсету екендігін айтты.


Қамқоршылық кеңес мүшелері де ары қарай балабақшамен бірлесіп жұмыс жасауға, көмектесуге, қолдау білдіретіндерін айтып бір ауыздан келісті.


Шешім:


2024-2025 оқу жылына арналған қамқоршылық кеңестің жұмыс жоспары «жақсы» деп танылсын.


Қамқоршылық кеңес отырысының төрайымы:  Суликова Д.


Мүшелері:  Сәбит Г.


 Кудайбергенова С.

 Муханова Н.

 Жүргенбаева Г.

 Санимова А.

 Тасанова Г.

Хатшы  Нургалиева Ж.

